

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясы материалдарының**

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибеков Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаетова С.С.,
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 2-т. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 280 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

ЕТІСТІК ШАҚТАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ШЕШІМДЕР

А.А. Жанглисова¹, А.К. Курманова²

¹ 4-курс студенті, ² қауымдастырылған профессор, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі заманда қазақ тілін оқыту үдерісі білім берудің жаңа парадигмасына сай жаңаша бағыт алып келеді. Сол бағыттардың бірі – тілді меңгертумен қатар, білім алушының рухани және құндылықтық тұлғасын қалыптастыру. Тілдік білім мен құндылықтық ұстаным өзара тығыз байланыста дамиды, себебі тіл – мәдениет пен дүниетанымның негізгі құралы. Осы тұрғыдан алғанда, етістіктің шақ категориясын оқыту тек грамматикалық білім беру емес, сонымен бірге тұлғаның уақытты түсіну, оны бағалау және қадірлеу қабілетін қалыптастырады. Етістік – сөйлеу тілінің ең басты дінгегі, ал шақ категориясы адамның сөйлеу сәтіне қатыстылықты білдіретін маңызды грамматикалық ұғым. Сондықтан да оның оқытылуы тілдік білімнің іргетасы саналады.

Оқыту тәжірибесінде етістік шақтарын меңгертуде бірқатар әдістемелік кедергілер кездеседі. Олар: шақтардың көптүрлілігі, олардың мағыналық реңктерінің баламалылығы (мысалы, белгілі бір шақтың басқа шақ мағынасында қолданылуы) және оқушылардың грамматикалық білімді тек қана теориялық деңгейде қабылдауы. Осы орайда, етістік шақтарын оқытудағы негізгі әдістемелік мәселелерді айқындау және оларды шешудің ұлттық құндылықтарға негізделген (құндылық бағдарлы) тиімді жолдарын ұсыну мақсат етілді. Ол келесі міндеттерді шешуді көздеді:

1. Етістік шақ категориясының теориялық негіздерін сипаттау;
2. Оқыту барысындағы негізгі әдістемелік қиындықтарды анықтау;
3. Құндылық бағдарлы тәсіл арқылы тиімді шешімдерді ұсыну.

Зерттеу нысаны ретінде қазақ тілі сабағында етістік шақтарын оқыту процесі алынды.

Қазақ тілінде етістік шақтарын оқытудың теориялық негізі бірнеше маңызды грамматикалық және әдістемелік қағидаларға сүйенеді. Етістік (қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөз табы) тілдегі басты динамикалық бірлік болғандықтан, оның шақ категориясын дұрыс меңгеру тілді еркін қолданудың негізі болып табылады. Қазақ тіліндегі етістік категориясы түркі тілдеріндегі ең күрделі де жүйелі грамматикалық жүйенің бірі. Бұл жөнінде алғаш ғылыми тұжырым жасаған ғалымдардың бірі – Қ.Жұбанов. Ол етістіктің шақ, рай, етіс сияқты категорияларының өзара байланысын атап көрсетіп, олардың сөйлеу әрекетіндегі қызметін айқындаған [1, 56]. А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» еңбегінде шақ категориясы етістіктің негізгі мағыналық және грамматикалық көрсеткіші ретінде талданады. Ғалым етістік шақтарын үш үлкен топқа бөледі: осы шақ, өткен шақ және келер шақ. Осы шақ сөйлеу сәтімен тікелей байланысты болса, өткен шақ – болған іс-әрекетті, ал келер шақ – әлі жүзеге аспаған болашақ әрекетті білдіреді [2, 45]. С. Исаев өз еңбегінде шақ категориясын уақыт пен модальдықтың арақатысы тұрғысынан зерттеп, шақ формаларының тек грамматикалық емес, прагматикалық қызметін де көрсетеді [3, 29]. Мысалы, «Бүгін келеді» сөйлемі грамматикалық тұрғыдан келер шақ болса да, контекстік жағынан нақты осы сәтке жақын мағынада қолданылуы мүмкін. Мұндай семантикалық ауысуларды оқыту барысында ескермеу — жиі кездесетін қателіктердің бірі. Айтушы немесе сөйлеуші не нәрсені сөз етсе де, өзінің ойын, көзқарасын мезгілмен байланыстыра айтады. Сондықтан рай мен шақ ұғымдары бір-бірімен байланысты болып келеді. А. Ысқақовша айтқанда, «Шақ категориясы рай категориясына қарағанда, әлдеқайда кең категория. Өйткені адам сөйлегенде, қашан да болсын, тек амал-әрекеттің тек жалаң өзін ғана емес, оның мезгілі мен орнын да дәйім ойда (көңілде) ұстаумен қатар, өзінің олар жайындағы көзқарасын, қатынасын да білдіреді. Әрине, бұл ерекшелік қашан да болсын, шақпен байланысты, ал шақ тек ашық райда ғана болады; амалды(әрекетті) тек индикатив қана реальді іс (процесс) етіп, оны белгілі бір мезгіл аясында

көрсетеді; өзге райларда бұл қабілет болмайды» [2, 314-315]. Қазақ тілін үйрету барысында оқушылар етістік шақтарын меңгеруде бірқатар қиындықтарға кездеседі.

Біріншіден, шақ формаларының мағыналық ұқсастығы мен көптүрлілігі. Қазақ тіліндегі кейбір шақ түрлері бір-біріне мағыналық жағынан өте жақын, сондықтан оқушылар оларды ажыратуда жиі қиналады. Мысалы: Ол келіп отыр – нақ осы шақ. Ол келіп жүр – ауыспалы осы шақ. Ол келіп еді – өткен шақ. Бұл үш сөйлемнің барлығы да «келу» іс-әрекетін білдіреді, бірақ олардың уақыттық реңкі мен контекстік мағынасы өзгеше. Осындай ұқсастық оқушыларды шатастырып, уақытты нақты көрсетуді қиындатады. Қазақ тілінде шақ формаларының жүйесі өте бай: Осы шақ (нақ, ауыспалы), Өткен шақ (жедел, бұрынғы, ауыспалы), Келер шақ (нақ, болжалды, мақсатты). Олардың әрқайсысының морфологиялық көрсеткіштері мен көмекші етістіктері бар: мысалы, -ып отыр, -ып еді, -мақ, -атын, -ған еді т.б. Бұлардың барлығы оқушы үшін теориялық жағынан ауыр, ал практикалық тұрғыдан қолдану шегін ажырату қиын.

Екіншіден, аналитикалық формаларды дұрыс қолдана алмау. Қазақ тілінде аналитикалық формалар – негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесінен жасалып, істің уақытын, жалғасу сипатын немесе аяқталуын білдіреді. Мысалы: Ол хат жазып отыр – іс дәл қазір болып жатыр (нақ осы шақ). Ол хат жазып еді – іс бұрын болған, аяқталған (бұрынғы өткен шақ). Көп оқушылар бұл айырмашылықты байқамай, мысалы, ол хат жазып отыр деп, өткен істі білдіргісі келгенде де сол форманы қолданады. Нәтижесінде сөйлемнің шақ мағынасы бұзылады. Бұл – аналитикалық формаларды дұрыс қолдана алмау проблемасы. Мұндай қателіктер көмекші етістіктердің мағынасын ажырата алмаудан туындайды.

Үшіншіден, шақ пен райдың шатастырылуы. Қазақ тілін оқытуда етістіктің шақ және рай категорияларының мағыналық жақындығы оқушыларды жиі шатастырады. Шақ іс-әрекеттің уақытын, ал рай сөйлеушінің іс-әрекетке көзқарасын, мақсатын немесе ниетін білдіреді. Дегенмен оқушылар көбіне рай тұлғасын шақпен байланыстырып, олардың айырмашылығын түсінбей қателеседі. Мысалы, бармақпын дегенде — іс әлі болмаған, сондықтан ол келер шақ деп ойлайды, ал шын мәнінде бұл – қалау рай, өйткені сөйлеушінің ниеті мен жоспарын білдіреді. Мұндай шатастырушылық грамматикалық ұқсастықтардан және контекстік айырмашылықты ескермеуден туындайды. Осындай мәселелерді шешу үшін әдістемелік тұрғыдан тиімді тәсілдерді қолдану қажет.

Қазіргі білім беруде негізгі бағыттардың бірі – құндылық бағдарлы оқыту. Бұл тәсіл тілдік материалды тек грамматикалық тұрғыдан емес, адамгершілік және ұлттық құндылықтармен байланыстыруды көздейді.

Етістік шақтарын оқытудағы құндылықтық бағыт – оқушылардың уақыт ұғымын тіл арқылы тануына, өткен мен болашақ арасындағы байланысты түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл жерде әр шақ түрі өзіне тән рухани мазмұнды ашады: өткен шақ – ұлт тарихына, дәстүр мен тәлімге құрметті қалыптастырады; осы шақ – жауапкершілік пен еңбекқорлықтың, өз ісіне адалдықтың көрінісі; ал келер шақ – арман мен мақсатқа ұмтылуды, болашаққа сенім мен үмітті тәрбиелейді. Осы тұрғыда етістік шақтарын оқыту тек грамматикалық дағдыларды дамытпайды, сонымен қатар оқушының рухани әлеміне әсер етіп, оның уақытты бағалай білу, өз өмір жолына жауапкершілікпен қарау қабілеттерін қалыптастырады. Мұғалімнің міндеті – тілдік форманы өмірлік мәнге айналдыру, яғни грамматикалық категория арқылы тұлғаның құндылықтық бағдарын дамыту.

Етістік шақтарын үйрету кезінде оқушылар уақыт ұғымын таниды: өткен шақ – тарих пен дәстүрге құрмет, осы шақ – жауапкершілік пен белсенділік, келер шақ – арман мен мақсатқа ұмтылу. Құндылық бағдарлы тәсілдің басты артықшылығы – оқушылардың тек тілдік біліммен шектелмей, өмірлік және рухани құндылықтарды да игеруі. Бұл әдіс оқушының тұлғалық дамуын, ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілігін арттырады.

Бірінші мәселені шешу жолы: «Индуктивті-салыстырмалы талдау» әдісі.

Мақсаты: шақтардың ішкі көптүрлілігін (мысалы, жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы осы шақ, болжалды келер шақ т.б.) мысалдар арқылы өздігінен байқатып, кейін олардың ұқсастығы мен айырмашылығын талдау.

1. Байқау және мысал жинау (индукция). Мұғалім алдымен әр шақтың бірнеше түрін мысалмен көрсетеді: Жедел өткен шақ: *Мен бардым. Бұрынғы өткен шақ: Мен барған едім. Ауыспалы осы шақ: Мен күнде барамын. Болжалды келер шақ: Мен баратын шығармын.*

2. Салыстыру және ұқсастықты табу. Барлық мысалдар бір кестеге түсіріледі:

Шақ түрі	Етістік тұлғасы	Мағынасы	Ұқсастығы	Айырмашылығы
Жедел өткен шақ	-ды/-ді	Болған іс	Өткен шақ	Бір сәттік
Бұрынғы өткен шақ	-ған еді	Болған, бірақ іргелес емес	Өткен шақ	Еске алу, алысырақ
Ауыспалы осы шақ	-ады/-еді	Қайталанып тұратын іс	Осы шақ	Жалпы әдет
Болжалды келер шақ	-атын шығар	Болуы мүмкін іс	Келер шақ	Болжамдық мән

Бұл салыстыру көптүрлілік пен ұқсастықты қатар ашады.

3. Қорытынды (дедукция). Оқушы өз бетімен мынадай қорытынды шығарады: Шақ түрлерінің көптүрлілігі олардың мағыналық реңктерінен, ал ұқсастығы – уақытпен байланысынан туындайды.

«Индуктивті-салыстырмалы талдау» әдісі шақ түрлерінің: көптүрлілігін (ішкі формалар арқылы), ұқсастығын (уақыттық мағына арқылы) біріктіріп, өте түсінікті және көркем етіп түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қысқаша түйін: *Контекст → Мағына → Түсіну → Дәлдік → Құндылық.*

Екінші мәселені шешу жолы: «Мағынадан формаға қарай оқыту» әдісі.

Негізгі ұстанымы – оқушы грамматикалық форманы жаттамайды, ол мағынаны түсініп барып, форманы өзі таңдайды. «Мағынадан формаға қарай оқыту» – тіл үйретуде алдымен ой мен әрекеттің мағынасын түсіндіру, содан соң соған сәйкес грамматикалық форманы қолдану принципіне негізделеді. Яғни, оқушы ең әуелі: Іс-әрекеттің қашан болғанын, оның аяқталған-аяқталмағанын, қайталап жүр ме, әлде бір сәттік пе – соны анықтайды. Содан кейін сол мағынаға сай грамматикалық форма таңдалады. Қалай жүзеге асады.

1. Мағыналық талдау кезеңі: Мұғалім оқушыға өмірлік жағдаят ұсынады. Мысалы: «Сен қазір не істеп отырсың?», «Кеше не істедің?», «Күнде не істейсің?» Осы сұрақтар арқылы оқушы іс-әрекеттің уақытын өз ойымен анықтайды.

2. Форманы табу кезеңі: Оқушы уақытты сезінген соң, оған сәйкес шақ формасын таңдайды: Қазір болып жатса → «жазып отыр». Әдетке айналса → «жазып жүр». Бұрын болған → «жазып еді». Аяқталған → «жазып қойды».

3. Талдау және салыстыру кезеңі: Мұғалім оқушылармен бірге формалардың айырмашылығын талдайды. Мысалы: «Жазып отыр» мен «жазып жүрдің» айырмасы неде? «Жазып еді» мен «жазып қойды» бірдей ме?

4. Қорытындылау кезеңі: Оқушы тілдік форманы ережеден емес, ойлау мен сезіну арқылы меңгереді.

Нәтижесі:

- Оқушы грамматиканы түсініп, логикалық жолмен қолданады;
- Сөйлеу барысында дәлдік пен нақты ойды жеткізу қабілеті артады;
- Тілдің мағыналық байлығын сезініп, қазақ тілін құрметтеу құндылығы қалыптасады.

Құндылықтық мәні - бұл әдіс арқылы оқушы: тіл арқылы ойлау мәдениетін, жауапкершілік пен дәл сөйлеу дағдысын және ана тілін қадірлеу сезімін дамытады.

«Мағынадан формаға қарай оқыту» әдісі – тек грамматикалық қателерді түзетіп қоймай, оқушының тілдік, танымдық және рухани дамуын қатар қамтамасыз ететін ең тиімді шешім.

Қысқаша түйін: *Мағына → Түсіну → Форма → Дәл сөйлеу → Құндылық.*

Үшінші мәселені шешу жолы: «Мағыналық - құрылымдық салыстыру» әдісі. Оқушылар шақ пен райды жеке емес, қарсы қою арқылы түсінеді:

- Шақ → істің қашан болғанын білдіреді.
- Рай → істің болу мүмкіндігін немесе сөйлеушінің көзқарасын білдіреді. Қалай жүзеге асады.

Түсіндіру кезеңі: Мұғалім етістіктерді екі бағанға бөледі: Шақ/Рай

Барады (өткен шақ) /Барсын (бұйрық рай)

Барып отыр (осы шақ) /Барса (шартты рай)

Барады (келер шақ) /Барар еді (қалау рай)

Салыстыру кезеңі: Әр мысалды мағына және құрылым жағынан талдайды:

- «Барады» – нақты болады (шақ);

- «Барар еді» – болмаған, тек ниет (рай).

Осы арқылы оқушы істің нақтылығын (шақ) және ықтималдығын (рай) ажыратады.

3. Қолдану кезеңі: Оқушылар өздері сөйлем құрап, мағынасын түсіндіреді. «Мен ертең барамын» → (шақ, нақты болмақ іс). «Мен барсам жақсы болар еді» → (рай, тілек, шарт).

4. Қорытынды кезеңі: Мұғаліммен бірге талдау жасап, екі категорияның айырмашылығын нақтылап бекітеді: шақ – уақыт категориясы, рай – сөйлеуші ниетінің, эмоциясының категориясы.

Нәтижесі:

- Оқушы шақ пен райды құрылымы мен мағынасы арқылы ажыратады;

- Тілдік формаларды ойлау мен салыстыру негізінде түсінеді;

- Өз ойын нақты әрі мағыналы жеткізуге дағдыланады;

- Сөйлеу мәдениеті мен тілдік талғампаздық қалыптасады.

Құндылықтық маңызы – бұл әдіс грамматикалық ұғымды түсіндірумен қатар, оқушыларды оймен талдауға, салыстыра пайымдауға және дәл сөйлеуге үйретеді. Осы арқылы олар ойлау мәдениеті, жауапкершілік, және ана тілінің терең мәнін құрметтеу сияқты рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Демек, шақ пен райдың шатастырылуын жоюдың ең тиімді жолы – мағыналық-құрылымдық салыстыру әдісі.

Қысқаша түйін: *Салыстыру* → *Мағына* → *Түсіну* → *Дәлдік* → *Құндылық*.

Етістік шақтарын оқыту – қазақ тіл біліміндегі ең маңызды әрі күрделі салалардың бірі. Оның әдістемелік мәселелерін тиімді шешу үшін дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді ұштастыра қолдану қажет. Мысалы, уақыт сызығын бейнелейтін «timeline-карталар», «LearningApps» немесе «Kahoot» платформаларындағы ойын түріндегі тапсырмалар оқушылардың уақытты визуалды түрде сезінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «storytelling» әдісі арқылы өткен, осы және келер шақта шағын әңгімелер құрастыру оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып, нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстырады. Мұндай тәсілдер оқушылардың грамматикалық дағдыларын ғана емес, шығармашылық ойлау мен эмоционалдық қабылдауын дамытады. Цифрлық құралдардың басты артықшылығы – тілдік білімді өмірлік тәжірибемен ұштастырып, оқушылардың құндылықтық қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік беруінде.

Құндылық бағдарлы оқыту – білім беру процесінің ажырамас бөлігі. Себебі, тіл тек қатынас құралы емес, ұлттың рухани өзегі. Етістік шақтарын меңгертуде грамматикалық біліммен қатар, оқушылардың уақытты бағалау, өткенге құрметпен қарау және болашаққа сеніммен ұмтылу қасиеттерін дамыту – тіл үйретудің басты құндылықтық мақсаты болып табылады.

Қорыта айтқанда, етістік шақтарын оқыту – тілдік білім мен тұлғалық дамуды ұштастыратын күрделі әрі маңызды үдеріс. Оның әдістемелік тиімділігін арттыру үшін төмендегідей бағыттарды ұстану орынды: Теориялық мазмұнды контексте түсіндіру – шақ формаларын өмірлік жағдаяттармен байланыстыра меңгерту; Құндылық бағдарлы тәсілді жүзеге асыру – уақыт ұғымы арқылы жауапкершілік, еңбексүйгіштік және арманшылдық сияқты қасиеттерді тәрбиелеу; Мағыналық-салыстырмалы талдау әдістерін пайдалану – шақ пен райдың айырмашылығын танымдық тұрғыда түсіндіру; Интерактивті және цифрлық технологияларды енгізу – оқушылардың қызығушылығын арттырып, тілдік әрекетті тәжірибелік деңгейге көшіру. Осы бағыттарды біртұтас жүйеде қолдану нәтижесінде етістік шақтарын оқыту үдерісі тек грамматикалық білім берумен шектелмей, оқушылардың рухани және мәдени құндылықтарға негізделген тілдік тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.